

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1996 жылғы 18 шілде N 3068.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандарын белгілеу мақсатында қаулы етемін:

1. Мыналар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары болып белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің (Құрлықтағы әскерлердің, Әскери-Әуе Күштерінің, Әуе қорғанысы әскерлерінің және Әскери-Теңіз Күштерінің) тулары;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышаны.

2. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлері туларының бейнесі мен сипаттамасы (сызба, түрлі-түсті бейнесі мен сипаттама мәтіні қоса беріліп отыр);

2) Әскери бөлімнің жауынгерлік туының бейнесі мен сипаттамасы (сызба, түрлі-түсті бейнесі мен сипаттама мәтіні қоса беріліп отыр);

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышанының бейнесі (сызба және түрлі-түсті бейнесі қоса беріліп отыр);

4) Әскери бөлімнің Жауынгерлік Туы туралы ереже (қоса беріліп отыр).

3. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары, әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Нышанын жасау заңда белгіленген тәртіппен берілетін тиісті лицензия болған жағдайда жүзеге асырылады;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің туларын, әскери бөлімдерінің жауынгерлік туларын және Қарулы Күштерінің Нышанын қастерлеуге міндетті;

3) Қазақстан Республикасының жауынгерлері, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған азаматтар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің туларын, әскери бөлімдерінің жауынгерлік туларын мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Нышанын қастерлеуге, ұрыс кезінде жауынгерлік туларды қайсарлықпен және ерлікпен қорғауға, олардың дұшпан қолына түсуіне жол бермеуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің туларын, әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Нышанын қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Былай деп айқындалсын:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты мата. Күн шұғыла және қыран бейнелері - алтын түстес;

2) Құрлықтағы әскерлер мен Әуе қорғанысы әскерлері туларының маталары - көгілдір түсті, Құрлықтағы әскерлер туының матасында оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында - қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз, Әуе қорғанысы әскерлері туының матасында оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында матаның 1:3 көлеміне екі жағының қатынасы тең келетін тік бұрышта - ортасында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және одан ақ түсті сәулелер таралған тік бұрыш;

3) Әскери-Әуе Күштері туының матасы - көгілдір түсті, жоғарғы бөлігінде көлденеңінен симметриялы ақ түсті сәулелердің бейнесі бар, матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында - қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз;

4) Әскери-Теңіз Күштері туының матасы - көлденеңінен симметриялы ақшыл-көгілдір түсті, матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында - қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және ақшыл-көгілдір түсті зәкір;

5) Қарулы Күштер түрлері туларының ені мен ұзындығының қатынасы - 1:2;

6) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары мен олардың бейнелері көлемдеріне қарамастан, Қарулы Күштер түрлерінің штабтарында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары эталонының түрлі-түсті және сызба бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

5. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары мынадай жерлерде тігіледі немесе орнатылады (алып келінеді): Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері штабтары мен оларға бағынысты бөлімдер штабтарының ғимараттарында; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлері қолбасшыларының кабинеттерінде; Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде әскери жарғыларға сәйкес; Қарулы Күштер әскери құрамалары мен бөлімдерінде - ант қабылдау кезінде; мемлекеттік мекемелерге арналған салтанатты мәжілістерде; әскери шерулерінде;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларымен немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің нормативтік актілерімен

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері туларының өзге де реттерде міндетті түрде алып келінуі көзделуі мүмкін;

3) Ұлттық азаға байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің тулары тұғырдың биіктігінің жарты деңгейіне ұлттық аза тұту мерзімі бойына төмен түсіріледі.

6. Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы көлемі: ұзындығы бойынша 145 см, ені бойынша 115 см, үш жағынан алтын түсті жібек шашақтармен жиектелген, көгілдір түсті тік бұрышты мата деп айқындалсын. Матаның оң жақ бетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы кестеленген, оның астында "Қазақстан Республикасы" деген жазу, ал төменгі жақ шетінде – "Отан үшін" деген ұран бар. Матаны сыртқы жағында ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген бес бұрышты жұлдыз кестеленген. Матаның жоғары жоқ шетінде "Міндет, абырой, ерлік" деген ұран, ал төменгі жағына – әскери бөлімнің атауы кестеленіп тігілген. Мемлекеттік Елтаңба, күн, шұғыла және жазу бейнесі – алтын түстес, ал бес бұрышты жұлдыз бейнесі – күрең қызыл түсті.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

7. Жауынгерлік Туды сақтау, ұстау және алып келу тәртібі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларымен айқындалады деп белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышаны - ортасында шұғылалы күн және оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген бес бұрышты жұлдыз деп айқындалсын. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышанының түрлі-түсті бейнесі екі түрлі: қызыл-күрең және алтын түстес болады, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышанының көшірме бейнесі, оның көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ғимаратында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Нышаны эталонының түрлі-түсті немесе ақ-қара түсті бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуі керек.

9. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышанының бейнесі: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері бірлестіктерінің, құрамаларының, бөлімдерінің, әскери-оқу орындары мен мекемелері штабтарының ғимараттарында; Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігі алқасының және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің әскери кеңестерінің мәжіліс залдарында, офицерлер үйі мен солдаттар клубтарының акт залдарында орнатылады;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларымен немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің нормативтік актілерімен

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышаны бейнесінің көшірмесін міндетті түрде орналастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрақты түрде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандарын насихаттау, азаматтар мен әскери қызметшілердің бойында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандарына құрмет сезімін қалыптастыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асырсын.

11. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жалпы әскери жарғылардың және өз бұйрықтарының талаптарын осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

12. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

Әскери бөлімнің Жауынгерлік Туының Сипаттамасы

Ескерту. Сипаттамаға өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімінің Жауынгерлік Туы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақтары бар баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы бойынша - 145 см, ені бойынша - 115 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалынады және үш жағының шеттері алтын түсті жібек шашақтармен жиектеледі.

Матаның оң жақ бетінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының нұсқасы алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі биіктігі бойынша 50 см.

Матаның жоғарғы жақ шетінде "Қазақстан Республикасы", ал төменгі жағында - "Отан үшін" деген жазулар алтын түсті жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі - 7,5 см.

Матаның сыртқы жағының ортасында - аппликация: ортасында шұғылалы күн мен қалықтап ұшқан қыранның нұсқасы бейнелген, күрең қызыл түсті жібектен тігілген бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың қарама-қарсы ұштары аралығының өлшемі - 56 см, жұлдыздың үстінде алтын түсті жібек жіппен: "Міндет, аброй, ерлік" деген ұран, ал жұлдыздың астыңғы жағында әскери бөлімнің нөмірі мен атауы кестеленіп тігілген. Цифрлардың көлемі биіктігі бойынша - 10 см, жазу әріптерінің көлемі - 7,5 см. Әскери бөлім атауындағы сөздердің санына қарай, цифрлардың көлемі 6 см. дейін, ал әріптердің көлемі - 4,5 см дейін кішірейтілуі мүмкін. Мұндай жағдайда жұлдыздың

бейнесі Жауынгерлік Ту матасының ортасынан 12 см дейінгі аралыққа жоғары көтерілуі мүмкін.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар.

Тудың сабы ағаштан дөңгелек қима етіп жасалған, диаметрі 4 см, ұзындығы 2,5 м. Сап қара қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі жақ шетінде металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы жағында - алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Тудың алтын түсті жібек жіппен ширатылып жасалған бауы, шет-шетінде екі шашағы бар. Баудың ұзындығы - 270-285 см.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-Теңіз Күштерінің тулары мен жалаушаларының Сипаттамасы

Ескерту. Сипаттамаға өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. 1-ші және 2-ші дәрежелі кемелердің гюйсі - ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының белгісі бар ақ түсті, тік бұрышты мата (екі жағының қатынасы 1:1). Эмблеманың биіктігі гюйс биіктігінің 1/2-не тең. Мата нұсқасы бойынша үш жолақпен жиектелген. Сырт жағы мата енінің 1/27-не тең келетіндей қара-көк түсті. Одан кейін ақ түсті (мата енінің 1/13,5-і), Ішкі жағы алтын түстес (мата енінің 1/9-і).

2. Әскери кемелердің жалаушасы - жіңішке конус нысанды ақ түсті жолақ. Жалауша шкаторинасынан (шкаторина тұсынан) басталатын мата бөлігінің оның ұзындығына қатынасы 1:12 (1-ші және 2-ші дәрежелі кемелер үшін 1:30).

3. Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштерінің қосымша флотының туы - ені мен ұзындығының қатынасы 1:2 тік бұрышты мата. Ту көлемінің 1/4-іне тең келетін бөлікте жоғарғы сол жақ бұрышта - Қазақстан Республикасы Әскери-теңізінің туы, ал қалған мата - қара-көк түсті.

Лауазымды адамдардың тулары мен брейд-жалаушалары

1. Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2736 Жарлығымен бекітілген.

2. Кеме бортында мемлекеттің жоғары лауазымды адамдары болған кезде фок-мачта гафелінде Әскери-теңіз туынан жоғары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріледі.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Туы - ені мен ұзындығының қатынасы 1:2 тік бұрышты мата. Тудың матасы тігінен екі бірдей бөлікке (мата ұзындығының 1/2 бөлігіне): көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Тудың көгілдір түсті жарты бөлігінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) бейнеленген. Ақ түсті

жолағында диаметрі ту енінің $1/3$ -іне тең келетін, ортасы шкаторинадан ту ұзындығының $3/4$ -індей және матаның жоғарғы жиегінен ту биіктігінің $1/2$ -індей аралықта орналасқан қызыл жұлдыз бар.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының туы – ені мен ұзындығының қатынасы $1:2$ тік бұрышты мата. Тудың матасы тігінен екі бірдей бөлікке (ту ұзындығының $1/2$ бөлігіне): көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Тудың көгілдір түсті жартысының ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының нышаны – алтын күн мен қыран бейнеленген. Ақ түсті жолағында диаметрі ту енінің $1/5$ -іне тең келетін екі қызыл бес бұрышты жұлдыз орналасқан. Олардың ортасы шкаторинадан ту ұзындығының $3/4$ -не тең және матаның жоғарғы және төменгі жиектерінен ту енінің $1/4$ -не тең аралықта орналасқан.

5. Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштері Қолбасшысының туы - ені мен ұзындығының қатынасы $1:2$ тік бұрышты мата. Мата тігінен мата ұзындығының $1/2$ -іне тең келетіндей екі бірдей бөлікке: көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Ақ түсті бөлігінің бұрыштама ойығы бар. Нәтижесінде алынған екі бұрымшаның ұзындығы ту ұзындығының $1/4$ -іне тең. Ақ түсті жолағында диаметрі ту енінің $1/3$ -іне тең келетін, ортасы ақ жолақтың $1/4$ -не және матаның жоғарғы жақ жиегінен ту биіктігінің $1/2$ -іне тең келетін аралықта орналасқан қызыл бес бұрышты жұлдыз бар.

6. Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштері штабы бастығының туы - ені мен ұзындығының қатынасы $1:2$ тік бұрышты мата. Мата тігінен мата ұзындығының $1/2$ -іне тең келетін екі бірдей бөлікке: көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Ақ түсті бөлігінің бұрыштама ойығы бар. Нәтижесінде алынған екі бұрымшаның ұзындығы ту ұзындығының $1/4$ -іне тең. Ақ түсті жолағында диаметрі ту енінің $1/5$ -іне тең келетін, ортасы ақ түсті жолақтың $1/4$ -іне және матаның жоғарғы, төменгі жиектерінен ту енінің $1/4$ -іне тең келетін аралықта орналасқан екі қызыл бес бұрышты жұлдыздар бар.

7. Кемелер құрамасы командирінің брейд-жалаушасы - ақ түсті бұрыштамалары бар конус нысанды мата. Брейд-жалаушаның ені мен ұзындығының қатынасы $1:5$. Бұрымша кесінділерінің ұзындығы брейд-жалауша ұзындығының $1/5$ -іне тең. Брейд-жалаушаның өзінің ұзындығының $1/3$ -іне тең келетін бөлігі көгілдір түсті. Брейд-жалауша бұрымшаларының тарқатылған күйі жалауша енінің $1/2$ -іне тең.

8. Кемелер тобы командирінің брейд-жалаушасы - екі бұрымшасы бар, конус нысанды мата. Брейд-жалаушаның ені мен ұзындығының қатынасы $1:5$. Бұрымша кесінділерінің ұзындығы брейд-жалауша ұзындығының $1/5$ -іне тең, брейд-жалауша бұрымшаларының тарқатылған күйі оның енінің $1/2$ -іне тең. Шкаторинадан оның ұзындығының $1/3$ -іне тең келетін брейд-жалауша бөлігі көгілдір түсті. Брейд-жалауша матасының қалған бөлігі көлденеңінен: жоғарғы жағы - ақ, төменгі жағы - көк-жасыл түсті екі бөлікке бөлінген.

9. Рейдтегі аға бастықтың брейд-жалаушасы - шкаторинадан ұзындығының 1/4-іне дейінгі бөлігі - көгілдір, ал 3/4 бөлігі - ақ түсті, конус нысанды мата. Брейд-жалаушаның ұзындығы мен енінің қатынасы 4:1.

Брейд-жалауша бұрымшаларының тарқатылған күйі жалауша енінің 1/2-іне тең.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Нышанының Сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Нышаны - шеттері алтын түсті нұсқамен жиектелген бес бұрышты жұлдыз.

Жұлдыздың ортасында шұғылалы күн және оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген.

Күн, шұғыла және қыран түсті - алтын түстес.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

Әскери бөлімнің Жауынгерлік Туы туралы Ереже

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімінің Жауынгерлік Туы - жауынгерлік абырой, ерлік пен даңқ нышаны, ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әрбір қызметшісіне өз Отанына адал қызмет ету, оны ерлікпен және білгірлікпен қорғау, өз қаны мен жанын аямай өз елінің әрбір қарыс жерін жаудан қорғау жөніндегі оның қасиетті борышын есіне салу болып табылады.

2. Әскери бөлімге Жауынгерлік Туды ол құрылған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілі тапсырады.

3. Жауынгерлік Ту әскери бөлімнің атауы мен нөмірінің өзгеруіне қарамастан әскери бөлімге барлық уақытқа бекітіліп беріледі. Әскери бөлімнің атауы мен нөміріндегі өзгерістер Жауынгерлік Туды тапсыру кезінде берілген Қазақстан Республикасы Президентінің Грамотасына енгізіледі.

4. Жауынгерлік Ту үнемі өз әскери бөлімінде, ал ұрыс майданында - соғыс қимылы жүріп жатқан аймақта болады.

5. Әскери бөлімнің бүкіл жеке құрамы ұрыс кезінде Жауынгерлік жалауды жанқиярлықпен және ерлікпен қорғауға әрі оның дұшпан қолына түсуіне жол бермеуге міндетті.

Жауынгерлік Туды жоғалтқан кезде, мұндай масқаралыққа тікелей кінәлі әскери бөлім командирі мен әскери қызметшілер сотқа тартылады, ал әскери бөлім таратылады.

6. Әскери корабльде көтерілетін Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз жалауы корабльдің Жауынгерлік Туы болып табылады және оның мемлекетке тиесілігі мен дербестігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлықтағы әскерлері туының Сипаттамасы

Құрлықтағы әскерлерінің туы матадан, ағаш саптан және баудан тұрады.

Тудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы бойынша 2 м, ені бойынша 1 м, көгілдер түсті жібек файдан дайындалады. Матаның оң жағы мен сыртқы жағының ортасында шұғылалы күн мен қалықтап ұшқан қыранның нұсқасы алтын түстес жібек жіппен жапсыра тігілген. Күн дөңгелегінің ортасы матаның жоғарғы шетінен 45 см аралықта орналасқан. Бейненің көлемі: биіктігі бойынша - 65 см, ені бойынша - 75 см, Матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз бейнесі, жұлдыздың қарама-қарасы ұштары аралығының көлемі 30 см, жұлдыздың ортасы матаның сол (оң) жақ жиегінен 32 см және жоғарғы жиегінен 28 см аралықта орналасқан.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар.

Тудың сабы ағаштан дөңгелек қима етіп жасалынған, диаметрі - 4 см. Сап қара-қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі жақ шетінде металдан жасалған шығыршағы, ал жоғарғы жағында - алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Тудың алтын түсті жібек жіптен ширатылып жасалынған бауы, шет-шетінен екі шашағы бар. Баудың ұзындығы - 270-285 см.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
Әскери-Әуе Күштері туының
Сипаттамасы**

Әскери-Әуе Күштерінің туы матадан, ағаш саптан және баудан тұрады.

Тудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы бойынша 2 м, ені бойынша 1 м, көгілдір түсті жібек файдан дайындалады. Матаның жоғарғы бөлігінде көлденеңінен симметриялы ақ түсті сәулелер бейнеленген. Матаның оң жағы мен сыртқы жағының ортасында шұғылалы күн мен қалықтап ұшқан қыранның нұсқасы алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген. Бейненің көлемі: биіктігі бойынша - 65 см, ені бойынша - 75 см.

Матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыздың бейнесі, жұлдыздың қарама-қарсы ұштары аралығының көлемі - 30 см, жұлдыздың ортасы матаның сол (оң) жақ жиегінен 32 см және жоғарғы жиегінен 18 см аралықта орналасқан.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар.

Тудың сабы ағаштан дөңгелек қима етіп жасалынған, диаметрі- 4 см. Сап кара-қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі жақ шетінде металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы жағында - алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Тудың алтын түсті жібек жіптен ширатылып жасалынған бауы, шет-шетінде екі шашағы бар. Баудың ұзындығы - 270-285 см.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
Әуе қорғанысы әскерлері туының
Сипаттамасы**

Әуе қорғанысы әскерлерінің туы матадан, ағаш саптан және баудан тұрады.

Тудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы бойынша 2 м, ені бойынша 1 м, көгілдір түсті жібек файдан дайындалады. Матаның оң жағы мен сыртқы жағының ортасында шұғылалы күн мен қалықтап ұшқан қыранның нұсқасы алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген. Күн дөңгелегінің ортасы матаның жоғарғы шетінен 45 см аралықта орналасқан. бейненің көлемі: биіктігі бойынша -65 см, ені бойынша - 75 см.

Матаның жоғарғы бөлігінде, матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында ортасында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және одан шашыраған

ақ түсті сәулелер бейнеленген тік бұрыш. Тік бұрыштың көлемі биіктігі бойынша 32 см, ені бойынша 65 см, жұлдыздың қарама-қарсы ұштары аралығының көлемі - 30 см.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар.

Тудың сабы ағаштан дөңгелек қима етіп жасалынған, диаметрі- 4 см. Сап қара-қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі жақ шетінде металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы жағында - алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Тудың алтын түсті жібек жіптен ширатылып жасалынған бауы, шет-шетінде екі шашағы бар. Баудың ұзындығы - 270-285 см.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 18 шілдедегі
N 3068 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-Теңіз Күштері туының Сипаттамасы

Әскери-Теңіз Күштерінің туы матадан, ағаш саптан және баудан тұрады.

Тудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы бойынша 2 м, ені бойынша 1 м, жібек файдан дайындалады. Матаның түсі көлденеңінен симметриялы ақшыл-көк түсті, оң жағы мен сыртқы жағының ортасында шұғылалы күн мен қалықтап ұшқан қыранның нұсқасы бейнеленген, бейненің көлемі биіктігі бойынша -65 см, ені бойынша - 75 см.

Күн, шұғыла және қалықтап ұшқан қыранның бейнесі - алтын түстес.

Матаның оң жақ бетінің сол жағында және сыртқы бетінің оң жағында жоғарғы бұрышында зәкір мен бес бұрышты жұлдыз бейнесі. Бейненің көлемі ені бойынша 25 см, биіктігі бойынша 35 см, бейненің ортасы матаның сол (оң) жақ жиегінен 32 см және жоғарғы жиегінен 24 см аралықта орналасқан.

Зәкірдің бейнесі ақшыл-көгілдір түсті, ал жұлдыздың бейнесі қызыл түсті.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған тесік бар, оның диаметрі - 4 см, немесе бау өткізуге арналған тесік оның диаметрі - 1 см.

Тудың сабы ағаштан дөңгелек қима етіп жасалынған, диаметрі- 4 см. Сап қара-қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі жақ шетінде металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы жағында - алтын түсті әшекейлі ұштығы бар.

Тудың алтын түсті жібек жіптен ширатылып жасалынған бауы, шет-шетінде екі шашағы бар. Баудың ұзындығы - 270-285 см.